

Н.Т. Ошанова¹, Қ.Қ. Сарбасова²

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

²С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен қ., Қазақстан

БАСТАУЫШ БІЛІМ ЖҮЙЕСІНДЕГІ «АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР» ПӘНІНІҢ ОРНЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада қазіргі цифрлық қоғамдағы 8-10 жастағы балалардың компьютерлік сауаттылығын арттыру мәселелері қарастырылады. Мақаланың мақсаты – бастауыш сынып оқушыларына «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнін оқытудың тиімділігін арттырудағы жүргізілген зерттеулерге талдау жасау. Мақаланың негізгі идеясы бастауыш мектепте балалардың компьютерлік сауаттылығын арттырудағы базалық білімін қалыптастыруына негізделген. Авторлар ғалымдардың пікіріне сүйене отырып, «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнін бастауыш сыныптарда оқытуға негіз болатын факторларға көңіл аударады. Мақалада кейбір зерттеулердің қысқаша мазмұны келтірілген. Авторлардың оқушы мен мұғалім арасындағы әр түрлі сипаттағы байланыстарға ерекше тоқталып, «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнін жүргізудің басты талаптарын, курстың мақсаты мен міндеттерін нақтылауы бастапқы идеяны негіздейді. Мақаланың өзектілігі бастауыш мектеп жасындағы балалардың компьютерлік сауаттылық бойынша оқу сапасын дұрыс ұйымдастыру мәселелеріне арналған.

Түйін сөздер: АКТ, бастауыш сынып, информатика, мектеп, оқушылар, ақпарат, ақпараттық сауаттылық.

Аннотация

Н.Т. Ошанова¹, Қ.Қ. Сарбасова²

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан

²Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова, г. Усть-Каменогорск, Казахстан

РОЛЬ ПРЕДМЕТА «ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ» В СИСТЕМЕ НАЧАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

В статье рассматриваются вопросы повышения компьютерной грамотности детей 8-10 лет в современном цифровом обществе. Цель статьи – проанализировать проведенные исследования по повышению эффективности преподавания ИКТ для младших школьников. Основная идея статьи основана на формировании у детей базовых знаний по повышению компьютерной грамотности в начальной школе. Авторы, опираясь на мнение ученых, обращают внимание на факторы, лежащие в основе преподавания ИКТ в начальных классах. В статье приводится краткое изложение некоторых исследований. Особое внимание авторы уделяют связям различного характера между учеником и учителем, обосновывают исходную идею конкретизации основных требований к ведению ИКТ-дисциплины, цели и задач курса. Актуальность статьи посвящена вопросам правильной организации обучения по компьютерной грамотности детей младшего школьного возраста.

Ключевые слова: ИКТ, начальный класс, информатика, школа, ученики, информация, информационная грамотность.

Abstract

THE ROLE OF THE SUBJECT OF ICT IN PRIMARY EDUCATION

Oshanova N.T.¹, Sarbassova K.K.²

¹Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

²S. Amanzholov East Kazakhstan University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

This article discusses the issues of improving computer literacy of children aged 8-10 years in the modern digital society. The purpose of the article is to analyze the conducted research on improving the effectiveness of teaching ict for primary school children. The main idea of the article is based on the formation of children's basic knowledge to improve computer literacy in primary school. The authors, based on the opinion of scientists, pay attention to the factors underlying the teaching of ict in primary schools. The article provides a summary of some of the studies. The authors pay special attention to the relations of various nature between the student and the teacher, substantiate the initial idea of specifying the main requirements for the conduct of ict discipline, the goals and objectives of the course. The relevance of the article is devoted to the proper organization of the quality of computer literacy training for primary school children.

Keywords: ICT, primary school, computer science, school, students, information, information literacy.

Ақпараттық технологиялар күнделікті адамзат өмірінің ажырамас бөлігіне айналып, уақыт өткен сайын іс-әрекеттің барлық салаларына еніп келеді және сол технологиялар негізінде ақпаратты сақтау және тарату, жинау, өңдеу, алу әдістерін жаппай енгізу қажеттілігін анықтайды. Сонымен қатар цифрлық қоғам шеңберінде баланың қазіргі цифрлық қоғамдағы өмірге деген психологиялық дайындығы компьютерлік сауаттылықты меңгеруі, білім алушылардың алгоритмдік ойлау дағдыларын қалыптастыру, логикалық ойлай білуін, танымдық қабілеттерін дамытуды мектепте оқытудың алғашқы жылдарынан қалыптастырылуы тиіс. «Адамзат ақпараттың жаңа дәуіріне кірді. Жақын болашақта адамдардың іскерлік белсенділігінің барлық салалары ақпараттар мен ғылыми білімді пайдаланумен байланысты болады», - деп атап өтті К.К. Колин [1]. Ақпараттың өсуі адамнан ақпараттық қызметтің іскерліктері мен дағдыларын және ақпараттық және коммуникациялық технологиялар (АКТ) құралдарын пайдалануға негізделген объектілер, құбылыстар, үдерістер туралы ақпаратты тіркеу, жинау, өңдеу, сақтау, беру, көрсету, жариялау, тарату жөніндегі қызметті талап етеді [2]. Ақпаратқа шектеусіз қол жеткізу жағдайында ақпаратты жедел тауып, оны өз мәселелерін шешу үшін пайдалана алатын адам артықшылық алады.

АКТ қоғам дамуының маңызды рөлі болып табылады. Бүгінде бүкіл әлемде адамдар бір-бірімен компьютер көмегімен байланысады. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында ғылым мен білім беру жүйесіндегі түрлі өзгерістер, қоғамдағы қайта құрулар, экономиканы дамытудағы жаңа стратегиялық бағдарлар, қоғамның ашықтығы мен ақпараттануы әуелі ұлттық рухта және жаһандандыру кеңістігіне бейімделуіне ықпалын тигізуде [3].

Ақпараттық-коммуникациялық технология – қазіргі заманға сай компьютерлік техника негізінде ақпаратты жинауға, сақтауға, өңдеуге көмек көрсететін құралдардың жиыны. Ақпараттық-коммуникациялық технология әрбір тұлғаның білім алу үдерісінде қолданылатын және тұлғаның дамуына әсер ететін кең тараған компьютерлік техника. АКТ электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларында жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Қазіргі білім берудің басты мақсаты да жан – жақты дамыған, рухани бай жеке тұлға қалыптастыру болып табылады. Сондықтан заман талабына сай оқыту үдерісін жетілдіре отырып, қоғам сұранысына сай жеке тұлға қалыптастыру мәселесі бойынша оқушыларға ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сабақта көптеп қолдану тиімділігі артып отыр.

Ақпараттық-коммуникациялық технология – жеке тұлғаға білімі өнімдерді түсіндіруді және олардың қабылдауын, түсінуін жеңілдетуге арналған маңызды жүйе [2].

Қазіргі кезде, балалар ерте жастан АКТ құралдарымен танысып, үлкендер қолдана алмайтын әр түрлі қосымшалармен қиындықсыз жұмыс істей алады. Бастауыш сынып оқушыларына информатика пәнін ерте жастан оқыту, олардың аталмыш қабілеттерін одан әрі шындай түседі.

Бастауыш мектепте оқитын балаларға жаңа нәрсе ұсынса, олардың қызығушылықтары оянып, талапшыл, тапқыш болатындары белгілі. Осыған сәйкес жаңа ақпараттық технологияларды кез келген сабақта қолдануға итермелейді. Дәстүрлі сабақ кезінде компьютерді қолдану оқушыларға оқу материалын түсіну мен есте сақтау үдерісін тездетеді, ең бастысы, балалардың оқуға деген қызығушылығын айтарлықтай көтереді.

«Информатика» пәнін бастауыш сыныптан бастап оқуға болатындығы және оның тиімділігі дүниежүзілік тәрбие негізінде дәлелденіп отыр. Ғалымдардың, практик-мұғалімдерінің пікірінше, бұл курсты бастауыш сыныптарда оқытуға негіз болатын факторлар мыналар:

- бастауыш мектеп оқушысын ақпараттық қоғамға бейімдеу;
- ерте жастан балалардың ақпараттық ойлау қабілетін дамыту;
- бастауыш мектеп оқушыларының ақпараттық мәдениетін қалыптастыра отырып, әлемдік

ақпараттық білім кеңістігіне даярлау [4]. «АКТ қолдануда бастауыш мектеп оқушыларын зияткерлендіру және әлеуметтендіру» ақпараттық қоғам жағдайында ерекше маңыздылығын атап көрсете отырып, И.В. Соколова бұл үдерістерді өзара байланысты екі бағытта қарастыру қажеттілігін атап өтеді: информатика курсы бастауыш білім беру жүйесіне енгізу және ақпараттық технологияларды бастауыш мектептің барлық оқу пәндеріне енгізу [5]. Шынында да, жалпы білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде оқушылардың ойлау стилін қалыптастыру және пәндік әдістемелерді жетілдіру мақсатында ақпараттық дайындық қажеттілігі кең ғылыми-педагогикалық топтарда түсініліп, мойындалды. Бірақ бұл дайындық үнемі «АКТ» пәнін оқытумен тығыз байланыста қарастырылмайды. Осыған байланысты қазіргі кезеңде оқушылардың зияткерлік әлеуетін дамытуға бағытталған пропедевтикалық оқытуда АКТ пәні - өз бетінше білім алу, оқу-ақпараттық, эксперименталды-зерттеу қызметін жүзеге асыру, дербес ақпараттық қызметтің және т. б. әртүрлі түрлерін жүзеге асыру іскерліктерін қалыптастыру ерекше өзектілікке ие болады.

Бастауыш мектепте кез келген пәнді оқыту жалпы бастауыш сыныптың мақсатына сәйкес болуы және өзінің пәндік шеңберінде бастауыш білім берудің ортақ міндеттерін шешуге бағытталуы тиіс.

Сонымен қатар бастауыш мектепте АКТ пәнін оқыту келесі мақсаттарға жетуге бағытталған базалық курсты оқыту міндеттерін шешуі тиіс:

- базалық білімдер жүйесін меңгеру;
- ақпараттарды жинау мен талдау кезінде компьютерлік технологияларды қолдана білу шеберлігі;
- әр түрлі оқу пәндерін оқу барысында танымдық қызығушылық пен информатикалық әдістерді қолданудың дамуы;
- ақпараттық қызметте этикалы және құқықтық шаманы сақтауға жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

АКТ пәнін оқытудағы перспективті тәсіл келесідей мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталуы тиіс:

- әлемнің ақпараттық көрінісі туралы түсінігін дамыту;
- қоғамда ақпараттық технологиялардың рөлі мен орны туралы түсініктерін қалыптастыру;
- ақпаратты алу мен өңдеуде тұрақты дағдыларды қалыптастыру;
- қызмет ортасында өзгеріп отыратын ақпараттық қоғамға тез бейімделу қабілеттерін дамыту;
- үнемі ақпараттық дайындығын ары қарай жетілдіріп отыру.

Кіші мектеп жасындағы балаларда болашақта табысқа жеткізетін оқуға деген талпыныс пен қызығушылық, ең берік білім мен әдет қалыптасып, ойын жинақтай бастайды. Осы арқылы да бастауыш сыныпта АКТ пәнінің негізгі ұғымдарын оқу керектігін түсінуімізге болады. Информатика курсы жоғарғы сыныптардан төменгі буынға көшіру қажеттіліктерін осы бағыттағы жүргізілген ғылыми зерттеулер көрсетті.

Бұған дәлел ретінде информатиканы төменгі сыныптарда оқыту жөнінде жүргізіліп жатқан мұғалімдердің эксперименттері мен жарияланып жатқан мақалалары, сондай-ақ 1-4 сыныптар үшін информатикадан ұйымдастырылған үйірме жұмыстары мен факультатив сабақтарды айтуға болады. Информатика курсының бастауыш сыныптарда оқытылуы жөнінде шетелдерде және ТМД елдерінде бірқатар жинақталған тәжірибелер бар. Көптеген әдіскер-ғалымдар мен оқытушылар информатиканы пән ретінде жоғарғы сыныптарда оқыту оқушылардың компьютерді пайдалану дағдысының қалыптасуын кеш етеді, бұл пәнді оқу барысында қалыптасатын дағды бір ғана пәнге тән емес екенін, жалпы білім беретін пәндер барысында мәні бар болып есептелетінін атап көрсетеді [4]. Бастауыш мектепте қазіргі ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін сауатты игеру ықпал етеді: *танымдық қызметтің белсенділігіне*; оқушылардың сапалы үлгерімінің көтермелеуіне; қазіргі бастауыш мектептің сабақтарында пайдалануға арналған электрондық оқу материалдардың көмегімен оқытудың мақсатына жету; кіші мектеп жасындағы оқушылардың өзіндік оқу және өз-өзін бақылау дағдысын дамыту; сабақта отырғандарда белсенділік пен талапшылықтың көтермеленуі; оқушыларда ақпараттық ойлаудың дамуы; ақпараттық-коммуникациялық құзыреттіліктің қалыптасуы; бастауыш сынып оқушыларының компьютерде жұмыс жасағанда қауіпсіздік ережелерін сақтау дағдысын қалыптастыру. Бастауыш сыныпта информатика пәнінде оқытушылар әрбір оқушының жеке мүмкіншіліктерін ескере отырып, оқу үдерісін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін келесідей әдістер мен сабақ түрлерін ұсынады:

- диалогтар;
- топпен жұмыс;
- ойын әдістері;
- ақпараттық минуттар;
- эвристикалық тіл табу.

Жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы оқушы мен мұғалім арасындағы зерттеушілік, эвристикалық сипаттағы іс-әрекетіне байланысты жүзеге асыруға болады. Оқушылардың *есте сақтау зейіндік қабілеттерін дамыту*, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында сабақты шығармашылық, ізденушілік жұмыстары арқылы өткізген өте тиімді. Ол үшін оқушылар алдын ала берілген тақырып бойынша ізденіс жұмысын жүргізеді. Оқушылар берілген тақырыптар бойынша өз беттерімен ізденіп, алған білімдерін бір-біріне түсіндіре отырып, компьютерде тапсырмалар орындайды. Әр сабақта жеке бағалау парағы бойынша барлық оқушылардың білімі бағаланады [6]. Компьютерлік технологияны қолдану сабақ мазмұнын кеңейтуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде кіші жастағы мектеп оқушыларында шаршағыштық сезімі төмендеп оқу үдерісі еркін түрде және тез өтіп кетеді. Бала шығармашыл, бастамашыл болады, оқу үдерісінің жақсы өтуіне ықпал ететін танымдық қабілеттер іске қосады. Балада білім алуға көмекші құрал ретінде компьютерді пайдалануға деген қажеттілік қалыптасады. Осыған орай, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 10 мамырдағы № 199 бұйрығына 16-

қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 188-2-қосымша ретінде Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы құрастырылған. «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» (бұдан әрі – «АКТ») пәнінің оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген. Оқу бағдарламасы оқушылардың жас ерекшеліктерінің танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес әр оқу пәнінің мазмұнын және олардың білім, білік, дағдыларының көлемін анықтайтын оқу-нормативтік құжат болып табылады. Пәннің оқу бағдарламасы «шиыршық» қағидаты негізінде әзірленген, яғни оқу мақсаттары мен тақырыптардың басым көпшілігі белгілі бір оқу кезеңінен кейін (оқу жылы барысында немесе келесі сыныптарда) білім мен дағдының көлемі көбірек, тереңірек, күрделірек деңгейде қайта қарастырылады [7].

Сонымен, 2018-2019 оқу жылы Қазақстанның мектептерінде 3-сыныптарға «АКТ» пәні оқытыла бастады. 2019-2020 оқу жылы 4-сыныптарға қосылды. «АКТ» пәнін оқытудың мақсаты білім алушыларды оқуда және күнделікті өмірде тиімді қолдану үшін қазіргі заманауи ақпараттық технологиялардың базалық білімімен, білік және жұмыс жасау дағдыларымен қамтамасыз ету болып табылады. Және де бастауыш мектепте АКТ пәнін оқытуда екі мақсатты байланыстырады: жалпы білім беру және қолданбалы. Жалпы білім беру мақсаты бастауыш сынып оқушыларын заманауи информатика негіздерімен таныстыру, алгоритмдік ойлау дағдыларын қалыптастыру, компьютерді ақпаратты қабылдау мен өңдеудің заманауи құралы ретінде қабылдау болса, ал, қолданбалы мақсаты - компьютерлік технологияларды игеру мен компьютерде жұмыс істеу дағдыларын дамыту.

Курстың міндеттері:

- оқушыларды компьютер туралы алғашқы ұғымдармен, қазіргі заманауи цифрлық технологиялар және олардың қоғам өміріндегі алатын рөлі туралы мәліметпен қамтамасыз ету;
- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, ақпаратты іздеу, жинақтау, өңдеу сақтау және әртүрлі формаларда жіберу дағдыларын қалыптастыру;
- әртүрлі бағдарламалық қосымшаларды пайдалана отырып, оқушылардың өз идеяларын ұсынуға жағдай жасау;
- бір-бірімен сөйлесу, ақпарат алмасу және бірлесе жұмыс істеу мақсатында АКТ құралдарын пайдалануға әрекет жасау;
- оқушыларды авторлық құқықтарды сыйлауды және компьютермен жұмыс істеу барысында техникалық қауіпсіздік ережесін сақтауды үйрету.

Сонымен қатар, бұл пән берілген тапсырманы шешудің ең жақсы әдісін таңдау мақсатында баланың логикалық ойлау қабілеттерін және жағдайды талдай білуін дамыту.

«АКТ» пәнін жүргізудің негізгі талаптары: сыныпта жиһаздар топтық, жұптық, жеке жұмыстар, семинарлар және оқытудың тағы басқа да әдіс-тәсілдерін ұйымдастыру үшін жылжымалы болуы қажет. АКТ кабинетінің жабдықтары:

- дербес компьютерлер (микрофондары бар құлаққаптармен) жабдықталған;
- жоғары сапалы интернет желісі: мұғалім мен оқушылар арасында қарым-қатынас пен қамтамасыз ету үшін және құрылғылар арасында ақпарат алмасу үшін;
- қосымша құрылғылар: проектор, принтер, сканер, т.б. [8].

Кіші жастағы балалар ерте жастан АКТ құралдарымен танысып, үлкендер қолдана алмайтын әр түрлі қосымшалармен қиындықсыз жұмыс істей алады. АКТ пәнін бастауыш сыныптан бастап оқуға болатындығы және оның тиімділігі дүниежүзілік тәжірибе негізінде дәлелденіп отыр.

Бастауыш мектепте оқитын балаларға жаңа нәрсе ұсынса, олардың қызығушылықтары оянып, талапшыл, тапқыш болатындары белгілі. Бастауыш мектеп оқушылары қоршаған өмірдегі барлық құбылысты ерекше әсермен қабылдайды. Бастауыш сынып оқушыларын қабылдау іс-әрекеттермен және практикалық қызметпен тығыз байланыста оқыту: олар негізінен өздерінің қажеттіліктеріне сәйкес келетін нәрсені ғана қабылдайды, яғни оқушылар пәнге қызыққан сайын, қабылдауы, назар аударуы жылдам дамиды.

Мектептегі Информатика пәні, әсіресе бастауыш білімдегі бұл пән, уақыт өте келе зерттелген ғылымдар арасында орны ерекше болып келеді. Бұл үшін көптеген себептер бар, олардың ішінде негізгілері: бастауыш сынып оқушыларына ойын түрінде оқытуды ұйымдастыру мүмкіндігі, бұл оқу үдерісін едәуір жеңілдетеді және жеделдетеді; практикада логикалық ойлау дағдыларын қолдану; қойылған міндеттерді шешуге жүйелі көзқарас. Бастауыш сыныптағы АКТ пәні оқушылардың ой-өрісін кеңейтуге, оны көптеген жаңа және қызықты фактілермен таныстыруға көмектеседі, сонымен қатар компьютерлік технологиялар көмегімен қарапайым мәселелерді шешуге үйретеді.

Баланың ақпараттық қоғамдағы өмірге психологиялық дайындығы мектептегі алғашқы жылдарынан бастап қалыптасуы керек. Бұл ең алдымен компьютерлік сауаттылықты меңгеру қажеттілігіне байланысты. Бірақ балаға абстрактілі ойлау дағдыларын, логикалық ойлау қабілеттерін үйрету маңызды міндет болып табылады. Мұның бәрі бастауыш мектепте оқуға сапалы жаңа талаптар қояды. Бастауыш мектеп жасындағы балалар негізгі ұғымдарды оңай үйренеді және компьютерде практикалық дағдыларды алады. Білім берудегі жаңа ақпараттық технологиялар дәстүрлі құралдармен бірге баланың шығармашылық тұлға ретінде дамуына ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Колин К.К. *О структуре и содержании образовательной области «Информатика» // Информатика и образование. - 2000. - № 10. - С. 5-10.*
- 2 Нурпеисова Т.Б., Кайдаш И.Н. *Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар: Оқу құралы. / Т.Б. Нурпеисова., И.Н. Кайдаш. – Алматы: «Бастау», 2018. – 536 б.*
- 3 Әбішева Д. *Бастауыш сыныпта информатика пәнін енгізудің қажеттілігі // Информатика негіздері, 2013. – 8-13 б.*
- 4 Мыңжасарова М.Ж. *Бастауыш сынып оқушыларына информатиканы оқытудың ерекшеліктері // Бастауыш мектеп. – 2012. – № 10. – 7-8 б.*
- 5 Соколова И.В. *О формировании концепции раннего обучения информатике: социально-педагогический подход [Текст] // Труды Большого московского семинара по методике раннего обучения информатике / Сост. и научн. ред. И.В. Соколова и Ю.А. Первин. - М.: Издательство РГСУ, 2008. - 240 с.*
- 6 Босова Л.Л. *Подготовка младших школьников в области информатики и ИКТ: опыт, современное состояние и перспективы [Текст] / Л.Л. Босова. - М.: БИНОМ. Лаборатория знаний, 2009. - 271 с.*
- 7 *Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар. Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында бастауыш мектепке (3-4 сыныптар) арналған оқу бағдарламасы (30 пилоттық мектептерде сынақтан өткізу үшін эксперименттік бағдарлама). – Астана, 2015. – 16 б.*
- 8 Исабаева Д.Н. *Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын қалыптастыруда ақпараттық-коммуникациялық технология (АКТ) құралдарын қолдану әдістемесі: монография - Алматы: Отан, 2015. - 135 б.*

МРНТИ 14.25.09

УДК 373.5.016.02.091.26:004(574)

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7901.38>

А.Е. Сағымбаева¹, О.Ю. Заславская², С. Авдарсоль³

¹*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан*

²*Мәскеу қалалық педагогикалық университеті, Мәскеу қ., Ресей*

³*Алматы университеті, Алматы қ., Қазақстан*

ИНФОРМАТИКАДАН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН БАҒАЛАУДА КРИТЕРИАЛДЫҚ ТӘСІЛДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада информатикадан оқушылардың функционалдық сауаттылығын бағалауда критериялық тәсілді қолданудың ерекшеліктері, зерттеген ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып тапсырмалар жасау мүмкіндіктері қарастырылады.

Жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес оқушылардың функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған тапсырмалар жүйесі нақты өмірлік жағдайларға тән мәселелердің шешімін табуда көздейді. Бұл мәселе, әдетте, оқушылар үшін жаңа жеке өмірімен, жұмысымен, демалуымен, қоғам өмірімен байланысты. Тапсырмалар шеңберінде қойылған мәселелер оқушыдан ақпаратпен жұмыс істей білуді қолдануды; өзара байланысты және өзара тәуелді объектілер мен құбылыстардың көптеген түрлерін басқаруды талап; мәселелерді жаңа контексте шешу тәсілдерін әзірлеу ерекшеліктері баяндалады. Информатика пәнін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын бағалау тапсырмалар жүйесін құру арқылы сабақтың тиімділігін арттыруда әр түрлі деңгейлік тапсырмалар жүйесін жүзеге асыру мүмкіндіктері анықталады. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда өмірлік тапсырмалар құрастыру арқылы оқушының қызығушылығын, ынтасын арттыруға бағытталған бағалау мүмкіндіктері қарастырылады.

Түйін сөздер: сыни ойлау, критериялық тәсіл, функционалдық сауаттылық, деңгейлік тапсырмалар, бағалау, құзыреттілік, өмірлік тапсырмалар.